«ҚАРАТӨБЕ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «КАРАТОБИНСКИЙ РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ ЭКОНОМИКИ И ФИНАНСОВ»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

13.02.2025 № 9

Қаратөбе ауылы село Каратобе

Бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен қызметтерді сатып алу туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бабы 3 тармағы 28 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 687 бұйрығының 506-509 тармақтарын басшылыққа ала отырып, ақаулық актісіне сай, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ-нің «К2.Бюджет» конфигурациясы бағдарламалық өніміне техникалыққызмет көрсету және техникалық қолдау көрсету бойынша қызметтерді «К2.Консалтинг» ЖШС-мен бір көзден сатып алуға келісім шарт жасақталсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бас маман Н.Шаймардановқа тапсырамын.

Бөлім басшысы **Б.Нурмагамбетов**

000010

«Қаратөбе аудандық экономика
және қаржы бөлімі» ММ-нің
басшысы Б.Нурмагамбетовке
бас маман Н.Шаймардановтан

Қызметтік жазба

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 16 бабының 3 тармағы 28 тармақшасына сай егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға рұқсат етіледі.

Сонымен қатар, Заңның 5 бабының 1 тармағы 1 тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау қағидаттарына негізделген. Және де Заңның 5 бабының 2 тармағына сай әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру көзделген.

Осылайша, мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес біздің бөлім 2021 жылғы 4 мамырдағы № 17195 зияткерлік меншік объектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің негізінде авторлық құқық иесі «K2.Consulting» ЖШС болып табылатын «К2 бюджет» конфигурациясы бағдарламалық өніміне техникалық қызмет көрсету және техникалық қолдау көрсету бойынша қызметтерді көрсетеді.

Заңның 16 бабының 5 тармағына сәйкес Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам не орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам қабылдайды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде, Сізден «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес «К2.Консалтинг» ЖШС-мен «Конфигурация «К2 Бюджет» бағдарламалық өніміне техникалық қызмет көрсету және техникалық сүйемелдеу жөніндегі қызметтерді бір көзден сатып алу тәсілімен шарт жасасуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Бас маман **Шаймарданов Н.К.**

13.02.2025 г.